

## Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 19 маусым N 994. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1253 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің Үкіметінің 12.08.2000. № 1253 қаулысымен.**

Сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыру және экспорттаушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ сыртқы сауданың нормативтік базаларын қолданылып жүрген халықаралық нормалар мен ережелерге сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 26, 302-құжат) мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"7. Қазақстан Республикасының барлық заңды және жеке тұлғаларының ( мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда) 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап биржалық мәмілелер жасағандығы туралы куәлікті міндетті түрде ұсынбастан Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысымен бекітілген биржалық тауарларды экспорттауды жүзеге асыруға құқығы бар деп белгіленсін.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының барлық заңды және жеке тұлғаларына (мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда) биржалық мәміле жасағандығы туралы куәлік ұсынбастан биржалық тауарларды әкетуге рұқсат етсін";

7, 8-тармақтар тиісінше 9, 10-тармақтар болып есептелсін.

Қ а з а қ с т а н  
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң